

своего развития. И казахстанская гендерная политика еще на пике реализации и дальнейшего успешного развития, который будет иметь масштабный характер для нашей страны. Проблемы гендерного неравенства одни – дискриминация женщин по признаку пола, насилие против женщин сексуального характера, неравные возможности и ресурсы. Но при решении этих проблем необходим систематический подход и анализ, что позволит гендерной политике и государству в целом искоренить эти причины. Вообще, женщин и мужчин нужно рассматривать не по половому признаку, а именно как человеческий ресурс, личность, обладающая потенциальными возможностями в политическом, экономическом и социокультурном направлении, и которая в последующем может принести необходимый вклад и пользу в процветании и развитии государства.

#### Список литературы:

1. Соловьева Г. Гендерная политика и устойчивое развитие. Институт социальных и гендерных исследований РК. // <http://www.gender.cawater-info.net/publications/pdf/solovieva.pdf>
2. Шаукенова З. Основа гендерной политики. Конституция утвердила не только правовые нормы сосуществования граждан, но и ценности права, законности, порядка. // «Казахстанская правда», 17.08.2010 г.
3. Гендерный глоссарий. // [http://www.policy.hu/khassanova/glossary\\_rus.htm](http://www.policy.hu/khassanova/glossary_rus.htm)
4. Проблемы гендерного неравенства и гендерная политика в РК. // [http://library.wksu.kz/index.php?option=com\\_docman&task=doc\\_download&gid=1639&Itemid=2&lang=ru](http://library.wksu.kz/index.php?option=com_docman&task=doc_download&gid=1639&Itemid=2&lang=ru)
5. Закон РК «О равных правах и равных возможностях женщин и мужчин», 2006 г. // ИС «Параграф», 2016.
6. «О Концепции гендерной политики в Республике Казахстан». Постановление Правительства Республики Казахстан от 27 ноября 2003 года, N 1190.
7. Стратегия гендерного равенства в Республике Казахстан на 2006–2016 годы. // <http://www.kazembassy.by/econom/equality.html>
8. Что такое гендер? // [http://www.gender.cawater-info.net/what\\_is/index.htm](http://www.gender.cawater-info.net/what_is/index.htm)
9. Равенство женщины и мужчины. Что такой закон? // <http://flashpress.kz/blog/flash/1045.html>

### ПРОКУРАТУРА ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

*Галы Ж.О., з.ғ.м., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы  
Назымбек Е.А., заң факультетінің 3 курс студенті, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қоғам дегенде біз нені түсінеміз? Ресми тілдегі сипаттамасына жүгінсек, ол (қоғам) – адамдар мен олардың ұйымдары арасындағы қарым-қатынастардың өте күрделі жүйесі. Мемлекет сол қоғамды түрлі арнаулы органдар арқылы басқарады, маңызды әлеуметтік, экономикалық, саяси т.б. бағыттағы мәселелерді шешеді, сонымен қатар, қоғамдағы тәртіпті қамтамасыз етеді. Мемлекеттің түрлі органдары арасында қоғамдағы тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету міндеті жүктелген құқық қорғау органдарының орны айрықша. Олар заңдылық қағидасы негізінде әрекет етеді. Ал заңдылықтың мәні – құқық қорғаушы органдардың құқықтық нормаларды адал, жауапкершілікпен сақтауында, орындауында, пайдалана және қолдана білуінде. Бұл тұрғыдан алғанда прокуратура органдарына жүктелген міндет аса салмақты және жауапты.

Бір қатар елдердің саяси жүйесінің негізгі және бөлінбес атрибуты болып прокуратура сияқты мемлекеттік құрылым табылады.

ҚР-ның құқық органдары арасында прокуратура айрықша орын алады. Оның қызметі көп қырлы және көптеген бағыттарда жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы - Республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының және өзге нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуына, жедел-іздістіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретін мемлекеттік орган.

Тәуелсіздігін жариялағаннан бастап өткен жылдар бойы Қазақстан Республикасы қалыптасу мен дамудың қиын қыстау кезеңін өткізді. Жас мемлекетпен бірге прокуратура сияқты оның маңызды институты да жетіліп жатты.

Отнадық прокуратураның қалыптасу тарихын қарастырмастан бұрын бізге жалпы прокуратура органдарының тарихи тамырын, пайда болуы мен дамуының заңдылықтарын білу қажет, себебі өткенді білмей қазіргінің шынайы мәнін және болашақ мақсаттарды білу мүмкін емес.

Ертеректе пайда болған сот өндірісіне қарағанда прокуратура мемлекет механизмінде салыстырмалы түрде кейінірек пайда болғанын айта кету керек. Прокуратура ең алғашқы рет Францияда, инквизициялық процестер кезінде, XIV ғасырда пайда болды деп саналады. Король Филипп IV 1302 жылы 25 наурыздағы Ордонансымен прокуратураны монарх мүддесін білдіретін орган ретінде құрды. Қалыптасуының алғашқы жылдарынан бастап ол тек айыптаушы, жазалаушы орган болды. Францияның прокуратурасы корольдің атқарушылық еркін жүзеге асыруға арналды. Корольдің прокуратура органдарын қалыптастыруға және оның қызметінің бағыттарын анықтауға әсері күшті болды. Сол себептен Францияда тіпті монархияны жойғанға дейін прокурорларды «корольдің адамдары» деп атады.

Король прокурорларының қызметінің шеңбері әрдайым кеңейтіліп отырды. Сонымен қоса прокуратураның қызметі, оның пайда болу кезеңінен бастап, құқықтық саласымен шектеліп қалған жоқ. Прокурор, орыс ғалымы В.И. Веретенниковтың айтуы бойынша, «тікелей және кең мағынада корольдің көздері болып табылады, олардың көмегімен король толықтай мемлекеттік механизмнің қызметінің дұрыстығын қадағалай алады».

Осы міндеттерді атқару мақсатында генерал-прокурор әрдайым король тәжінің мүддесін қорғады, тіпті, ақсүйектердің қайсы бірінің өздігімен атақтарды иеленіп қоймауын, өнеркәсіп пен сауда, университеттерді құру мәселелеріне араласпауын аңдыды. Прокурор, корольдің мүдделеріне нұқсан келмеу үшін, оның атқарушыларының тағайындалуын, қойылған талаптарға сай болуларын бағалау арқылы бақылады [1, 24].

Уақыт өте келе прокурордың міндеттері қатарына сонымен қатар сенаторлық және шіркеу соттарының жұмысын тексеру де қосылды. Анықтауды жүзеге асыру кезінде де прокурорлардың рөлі жоғары болды.

1586 жылы, прокуратураның мемлекеттік қызмет жүйесіндегі орнын анықтаған, Францияда прокуратура қызметін ұйымдастыру және қызметі туралы заң қабылданды. Прокурорлық қадағалау саласына заң келесі қызметтерді қосты: прокурордың әкімшілік-саяси сипаттағы қызметі; тергеуді жүзеге асыруды қадағалау қызметі; соттық-құқықтық қызмет.

Франциядағы қылмыстық іс-жүргізу үшін 1670 жылғы Ордонанстың маңызы жоғары болды, оның қабылдануы нәтижесінде сотта азаматтық және қылмыстық талап арызды тергеу бөлінді, ал король прокурорлары, жасағаны үшін масқаралайтын және тән азабын тарттыратын, қылмысқа айып тағуға құқық алды. Бірақ ол кездері Н.Н. Полянский айтқандай, «прокурор өз бетінше істерді қозғай алған жоқ: ол тек әшкерелеуші ретінде қызмететті, ал істі қозғау бастамасы және тергеу құқығын сот иемденді. Соттың прокурор алдындағы басымдығы айқын болды: тіпті қылмыстық істерді қарау да прокурорларсыз өтті».

Келешекте Францияның прокуратурасы бірқатар өзгерістерге ұшырады, олардың ішіндегі белсенділері 1789-1810 жылдар аралығында өтті. Дегенімен де олардың негізгі міндеті өзгеріссіз қалды: жазалау қызметін атқару, мемлекеттегі жоғарғы билікті иеленушінің мызғымастығын қамтамасыз ету. Прокуратураның бұл қызметтері қазына тонаушылықтың, парақорлықтың, кең таралуы себепті аса маңызды болды. Ондай қылмыстармен күресуді жүзеге асыру тек араны мемлекеттік қызметтің көмегімен ғана мүмкін болды. Францияның прокуратурасының аталмыш құқықтық институттардың басқа мемлекеттерде, оның ішінде Ресейде, құрылуы кезінде үлгі болуы кездейсоқтық емес [2, 31].

Францияда прокуратураның қалыптасуы мен дамуына тарихи шолу кездейсоқтық емес себебі Францияның прокуратурасы Ресейдің прокуратурасы үшін үлгі болды және қазіргі кезге дейін батыс елдерінің прокуратураларының эталоны болып табылады.

Қазақ халқы шамамен екі жүз жетпіс жыл бойы Ресей империясының, соңынан Кеңес Одағының құрамында болды, сондықтан республикадағы прокуратура органдарының дамуы метрополиялардың құқықтық жүйелерінің эволюциясымен, мемлекеттік биліктің әр түрлі құқықтық институттары және механизмімен байланысты.

Ресейде прокуратураның қалыптасуы I Петрдің дәуірінде, ол мемлекеттік басқарудың реформасы кезінде, заңдардың орындалуына қадағалау және бопсалағыш чиновниктермен, қазынадан ұрлаушылармен және парақорлармен күресуге міндетті аппараттың қажеттілігі туралы шешімге келген кезде, басталды. Осы мақсатпен ол 1711 жылы алғашында фискалат институтын енгізді, ол институт негізінен жасырын және заңсыз қызмет жасады. Ұлы реформатор I Петр, бақылау қызметінің әр түрлі нысандарын құру және жатілдіру мақсатында, 1722 жылдың

12 қаңтарындағы Жарлығымен прокуратураны құрды. 1722 жылдың 27 сәуірінде, ол құрған жаңа құрылымның қызметін толық регламенттейтін, «Генерал-прокурор лауазымы туралы» Жарлық шығарды.

1722 жылы прокуратура, заңдылық пен құқықтық тәртіптің бірлігінің ұйытқысы болуға тиісті, әртүрлі чиновниктердің қызметін бақылайтын институт, жоғарғы билік пен мемлекеттің мүддесінің сақталуына қадағалау жасайтын орган ретінде табылатын, біртұтас, жалпы мемлекеттік және қатаң орталықтандырылған заңдардың орындалуына қадағалау жасайтын жүйе ретінде бекітілді.

Кез келген жүйенің қалыптасу мен дамуы көп жағдайларда бірінші басшыға байланысты. Ресей империясында бірінші генерал-прокурор болып патшаның жақын көмекшілерінің бірі, Ресей тарихында мемлекеттік қайраткер ретінде белгілі граф П. Ягужинский. Әйгілі емес, кедей органистің отбасынан шыққан болса да, ол өзінің ақылымен, оқымыстылығымен және бірнеше тілді білуімен ерекшеленді, және шын мәнінде мемлекеттегі патшадан кейінгі екінші тұлға болды. Генерал-прокурор және губерниялық прокурорлар императордың рескриптімен тағайындалды және орнынан босатылды. Барлық рангтердің прокурорлары тиісті орындарына өмір бойлыққа тағайындалып отырды. Белгілі бір лауазымға тағайындала отырып прокурор өзінің болашағына сенімді бола алды [2, 45].

Құқықтық жүйенің құрылымында айтарлықтай өзгерістер 1864 жылдың қарашасында сот реформасының негізгі актілерінің бекітілуінен кейін орын алды.

Прокуратураның жалпы қадағалау өкілеттіктерінің жойылуы, саясаткерлер, мемлекет танушылар, ғалымдар соңында мойындағандай, қызметтеріне прокурорлық араласуды қаламайтын, кейбір билік құрылымдарының мүддесі үшін қабылданған болатын.

Патша билігінің құлауынан және Қазан төңкерісінің жеңісінен кейін прокуратура органдары жойылып 5 жыл шамасында қызмет еткен жоқ, оның ішінде Қазақстан аумағында да. 1917 жылдың 22 қарашасындағы № 1 –ші сот туралы Дикрет бұрын болған революцияға дейінгі сот органдарын, адвокатураны, сот тергеуі мен прокурорлық қадағалау институттарын қысқартты.

Кеңес прокуратурасының құрылғанына дейін 1917-1922 жылдар аралығында революциялық социалистік заңдылықтың сақталуына қадағалау әр түрлі органдармен жүзеге асырды. Оларға бірінші кезекте билік пен басқарудың жоғарғы органдары, жергілікті Кеңестер, олардың атқару комитеттері мен халық комиссариаттары жатты [3, 42].

Қазақстанда прокуратура органдарының қалыптасу тарихына көз жүгіртер болсақ, өткен 80 жылдан астам уақыт арасында прокуратура қалыптасу мен дамудың ұзақ жолдарынан өтті. Оның жүріп өткен тарихын маңызды үш кезеңге бөліп қарауға болады.

Қазақстанның прокуратурасының тарихи қалыптасуы мен дамуының бірінші кезеңі 1922 жылы шілденің 13-де ҚазОАК – 3- сессиясының 2-шақырылымынан басталды. Оның шешімі бойынша юстицияның Халық комиссариатының құрамында мемлекеттік прокуратура құрылды. оған сәйкес юстицияның Халық комиссары республика прокурорының қызметін атқарды. Ол сессияда сонымен қатар «Прокурорлық қадағалау туралы ереже» қабылданды.

Прокуратураның дамуының екінші кезеңін 1933 жылғы оның өкілеттілігінің кеңеюімен сипаттауға болады. Юстицияның Халық комиссариатының жанынан, салыстырмалы түрде тәуелсіз болған, прокуратура басқармасы құрылды. Оның тарихында алғашқы рет прокурор мен юстицияның Халық комиссарының қызметі бөлініп қарастырылды.

Республика үшін тарихи маңызды оқиға 1936 жылы 5 желтоқсанда КСРО-ның жаңа Конституциясының қабылдануы болды. Бұл конституция бойынша Қазақстан автономиядан егеменді одақтас республикаға айналды және КСРО құрамындағы тең құқықты мемлекет құқықтарына ие болды. 1937 жылы Қазақстан өзінің Конституциясын қабылдады.

Осы кезден бастап прокуратураның дамуы мен нығаюының үшінші кезеңі басталды. Бұл кезеңде прокуратура юстицияның Халық комиссариатынан бір жола бөлініп шығып, республиканың құқық қорғау органдарының дербес құрылымы ретінде қызмет істей бастады. Қазақ КСР - ның бірінші прокуроры болып С. Ескараев тағайындалды.

Осы жылдың 11 қарашасында республикада юстицияның Халық комиссариаты мен прокуратураның бөлінуі туралы бұйрық қабылданды. Прокуратура енді тікелей КСРО – ның прокурорына тікелей бағынышты болды.

Прокурорларға, қылмыстық қудалауды қосқау арқылы, сондай-ақ, заңдарды бұза отырып қабылданған қаулыларға қарсылық білдіру арқылы, қылмысты ашу саласындағы тергеу және анықтау органдарының қызметіне, сонымен қатар мемлекеттік саяси басқару қызметіне бақылау жасау арқылы, бас бостандығынан айыру орындарының және еңбекпен түзеу құрылымдарының

қызмет етулеріне бақылау жасау арқылы, ҚазақКСР-нің Жоғарғы Сотында және оның алқаларында прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру арқылы, ҚазақКСР-нің ОАК мен ХКК-нің тапсырысы бойынша тергеуді жүргізу арқылы, билік органдарының, шаруашылық құрылымдардың, қоғамдық және жеке тұлғалардың қызметтерінің заңдылығына қадағалау жасау міндеті жүктелді. Прокурор жергілікті атқару комитеттерінің барлық отырыстарына кеңесу дауысымен қатысуға құқығы болды. Прокуратура өзінің қызметінің бастапқы кезеңінен бастап республиканың ең басты құқық қорғаушы орган болып табылды.

Сонымен қатар прокуратура тарихында, орын алған біркөптір мән-жайларға байланысты, ол өзінің құқық қорғаушылық қызметін толықтай жүзеге асыра алмаған кезең де болды. 1937 жылдың өзінде прокуратура органдарында негізсіз 40-тан астам қызметкер жұмыстан босатылған болатын, олардың кейбіреулері контрреволюциялық ұлтшылдық топтарды қорғауға көмек көрсетті деген жаламен қамауға алынды. Бұл жаппай саяси репрессиялардың кезеңі болды. Келешекте, прокуратура органдарының белсенді араласуының нәтижесінде, Отанымыздың бір туар азаматтары, жарқын тұлғалар ақталып алынды, олар - Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ораз Жандосов, Шакарім Құдайбергенұлы, сондай-ақ көптеген, өз кезеңінде жазықсыз қудалауға ұшыраған судьялар мен прокурорлар. Саяси репрессиялардың құрбандарын прокуратура органдарының реабилитациялаулары қазіргі кезде де жалғасып жатыр.

Ұлы Отан соғысы жылдары прокуратура жұмыскерлерінің көбісі қолдарына қару алып Отанын қорғады. Соғыстың алғашқы жылы майданға 885 прокуратура қызметкерлерінен 441 адам аттанды. Мақат аудандық прокуратурасының (Атырау облысы) тергеушісі Мұса Баймұқанов көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын қайтыс болғаннан кейін иеленді, ал Ақтөбе облысының прокуратурасының тергеушісі А. Ерсеитов Мәскеуді қорғауға қатысып, сонда қайтыс болды [4, 47].

Прокуратура органдарының қызметінің негізі болып, қоғамдық тәртіпті, еңбектік және мемлекеттік тәртіпті, әскери қызметкерлер мен олардың жанұяларының құқықтары мен заңдық мүдделерін қорғауға және социалистік меншікті қылмыстық қолсұғушылықтардан сақтауға бағытталған, соғыс уақытының заңдарының атқарылуына қадағалау жасау табылды.

Прокурорлар мен тергеушілер қараусыз балалардың болуы мен олардың қамқорлықтан айырылуына қарсы күресте көп еңбек сіңірді. Әскери жағдайда бола тұрып прокуратура әскери өнімді жеткізу туралы, майданға көмек көрсету туралы және тылдың күшейтілуі туралы заңдардың дәлме дәл орындалуын қамтамасыз етіп отырды.

1943 жылы 16 – қыркүйекте еңбек және атқарушылық тәртіпті күшейту мақсатында КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының Жарлығымен прокурорлық – таргеушілік жұмысшылар үшін, арнайы киімдер беріле отырып, сыныптық шендер бекітіледі. Сол кезде сонымен қатар, әскери атақтарға теңестірілген, прокурорлар мен тергеушілердің сыныптық шендерінің салыстырмалы градациясы енгізіледі.

Соғыс уақытынан кейінгі прокуратураның қызметі, негізгі конституциялық міндеті заңдардың біркелкі және дәлме-дәл орындалуына жоғарғы қадағалауды жүзеге асыру болып табылатын, прокуратураның беделін одан әрмен көтерумен сипатталды.

Қазастанның мемлекеттілігінің дамуымен прокуратураның республикалық органдар жүйесіндегі орны мен ролі ауысып отырды, оның қызметі жаңа мазмұнмен толықты, прокурорлық қадағалаудың қызметтері өзгеріп жатты. Бірақ прокуратураның алдына қойылған міндеттер қалай өзгеріп жатсада, олар әрқашанда құқық қорғаушы орган болып қалып отырды, және олардың қызметінің негізгі мазмұны болып өзгерместей заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, мемлекет мүдделерін, азаматтардың әлеуметтік-экономикалық, саяси және жеке құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу табылды.

Мемлекеттің дамуының барлық кезеңдерінде прокуратураның маңызы арта берді және оның алдында әр азамат өзінің мүдделерін қорғауда прокурордың ең бірінші және ең жақын қорғаушысы екендігін білуін және түсінуін қамтамасыз ететіндей өзінің күнделікті жұмысын жоспарлап отыру міндеті тұрды.

Сонымен қатар Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғанға дейін прокуратура органдары, басқа құқық қорғау органдары сияқты, тоталитарлық мемлекет жағдайында ең бірінші кезекте әкімшілік-басқарушылық жүйенің мүдделерін қамтамасыз еткендігін айта кету керек [4, 64].

1991 жылдың тамызында болған оқиғалар республиканың прокуратура органдарынан орын алған жағдайда тез арада бағыт табуды, тозығы жеткен жұмыс нысандарынан баст тартуды, прокурорлық қадағалаудың тиімді әдістерін іздеуді және қолдануды талап етті.

«Мемлекет пен заңнамада болып жатқан өзгерістер бірінші орынға, қоғамның жоғарғы құндылығы ретінде, адамды қойды, азаматтардың сот тарапынан қорғалуына құқығы кеңейтілді.

Тұлғаның құқықтық қоғалуы прокуратура органдарының қызметінің негізгі мазмұнына айналды» [5, 79].

1991 жылдың 6 желтоқсанында Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесінің «Қазақ КСР-ның прокуратура органдарының тұтас жүйесін құру, олардың дербестігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету туралы» Қаулысымен, Қазақ КСР-ның Бас прокурорына тәуелді, прокуратура органдарының тұтас жүйесі қалыптастырылды.

1992 жылдың 17 қаңтарында Жоғарғы кеңестің қаулысымен «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Заң қолданысқа енгізіледі, ол заң бойынша прокуратура заңдарды орындауды жоғарғы қадағалау органы деп жарияланады. Осы күннен бастап жаңа дербес қазақстандық, егемді мемлекеттің прокуратурасының тарихы басталды.

Осы заң прокуратураның құқық қорғау қызметін жақсартуда оң әсер етті. Алайда, мемлекеттік құрылыс үдерісінің жедел дамуы және құқық демократиясының өріс алуы құқық жүйелерін қалыптастыруда жаңа ізденістерді талап ете бастады. Осыған байланысты 1994 жылы 12 ақпанда Елбасының Қаулысымен Қазақстан Республикасындағы Құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бұл құжатта прокуратура органдарын реформалаудың негізгі қағидалары анықталды.

Одан әрі ол 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Конституциямызда және ҚР 1995 жылғы 21 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» заңында көрініс тауып, бекітілді. Конституцияның 83-бабындағы прокуратура туралы негізгі ереже прокуратураның бірыңғай орталықтандырылған дербес жүйе екендігін жариялап берді.

Сонымен қазыргі кездегі прокуратураның үш ғасырлық тарихы бар және оның құқықтық мәртебесінің ұзақ эволюциясының нәтижесі болып табылады. Заңдылық пен құқықтық тәртіпке байланысты мемлекеттегі қазіргі жағдайдың күрделілігі прокуратура потенциалының келешекте де мейілінше толықтай қолданылу қажеттілігін көсетіп отыр.

Қазіргі таңда республиканың мемлекеттік билік органдары жүйесінде прокуратура өзінің конституциялық орнын алған, және билік бөлінісі институты «тепе-теңдік, тежемелік» [6, 125] жүйесінің элементтерінің бірінің қызметін атқара отырып, Қазақстан Республикасында ортақ мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісімді қызмет етуіне жағдай жасайды.

Тек Президентке есеп беруші бола отырып және Республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының және өзге нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыра отырып прокуратура мемлекет басшысының, халық пен мемлекеттік биліктің бірлігі кепілінің, Конституцияның, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының мызғымастығының кепілі функциясын жүзеге асыру бойынша, құқықтық механизмі (құралы) болып табылады.

Осылайша Конституцияға сәйкес тек прокуратура ғана заңдар мен өзге де құқықтық актілерге, оның ішінде соттық актілерге де, наразылық білдіру арқылы, құқықтық әдістермен тұтас мемлекеттік биліктің барлық тармақтарына толық бақылауды жүзеге асыра алады.

Республика прокуратурасы өзінің өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына қатаң сәйкестікте жүзеге асырады. Қазіргі таңда оның қызметінде мемлекеттік басқа органдарды ауыстыру фактісіне, шаруашылық етуші субъектілердің қызметіне араласуының негізсіздігіне жол берілмейді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Конституциясының 83 бабының талабына сәйкес прокуратура мемлекеттік органдар және оның лауазымды тұлғалары жол берген заңдылықтың бұзылуын белсенді түрде анықтай бастады, сондай-ақ заңда көрсетілген оларды жою әдістерін қолдана бастады, оның ішінде атқару және сот билігі тармақтарының заңсыз актілеріне наразылық білдіру арқылы, сондай-ақ әрекет етуші заңдар мен Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарының атқарылмауына жиі әрекет ете бастады.

Қазіргі таңның көріністері прокуратураның, қадағалау және өзге де қызметтерінен көрінетін, құқық қорғаушылық потенциалының толық ашылуын қажет етеді.

Прокуратура органдарының міндеттері тарихи дамуының барлық кезеңдерінде өзгеріссіз қалып отырды, ол – мемлекетте заңдылықтың сақталуының кепілдігі ретінде қызмет ету, мемлекеттік және қоғамдық өмірдің сенімді құқықтық негізі болу, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына жәрдемдесу.

Сонымен қатар әлеуметтік, қоғамдық-саяси және құқықтық салалардағы айтарлықтай өзгерістерді ескере отырып прокуратураның міндеттері, қадағалау қызметінің әдістері өзгеріп отырды, уақыт өзге приоритеттерді анықтады.

Осының бәрі өз кезегінде прокурорлық қадағалаудың заңнамалық негізін әрдайым жетілдіріліп отырылу қажеттілігін талап етті. Нәтижесінде әрекет еткен «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Жарлығына Заң мәртебесі берілді, бұл жағдай күдіксіз

прокуратураның дамуындағы жаңа кезеңінің негізін қалады, сонымен қатар прокуратураның беделінің күшеюіне алып келді және оған мемлекеттік органдар жүйесінде лайықты орнын берді.

Республика прокуратурасының қызметіне еліміздің Президенті тарапынан позитивті баға берілді.

Прокуратура органдары дамуының келесі кезеңі 2002 жылы «Прокурорлық қадағалау мәселелері жөніндегі кейбір Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануымен байланысты болды.

Осы Занда заңдылықтың және азаматтардың құқықтарын қорғаудың деңгейін онан әрі көтеру қажеттілігі бекітілген. Сондай-ақ, еліміздің жоғарғы қадағалау органын күшейтуге, прокурорлардың заңдарды сақтау туралы актілері мен талаптарын міндетті түрде орындауды қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінген, оларды күштеп орындату механизмдері анықталған, сонымен қатар, прокурорлық қадағалаудың актілері мен заңды талаптарын орындамағандары үшін заңды тұлғалар мен азаматтардың жауапкершілігі күшейтілген [7].

Прокуратураның қалыптасуы мен дамуының өткен кезеңдерін республиканың тәуелсіздікті жариялауынан бүгінгі күнге дейінгі кезеңді бағалай отырып, оның мемлекеттіліктің қалыптасуындағы, демократиялық үрдістердің дамуындағы, заңдылық пен құқықтық тәртіптің нығаюындағы ролін айтпаса болмайды.

Қазақстанның прокуратура органдары елдегі құқықтық тәртіп пен заңдылықтың нығаюы бойынша қолдан келген барлық шараларды жүзеге асыруда. Прокуратура басқа мемлекеттік органдардың арасында өзіне тиесілі орынды алып, Конституция мен Заң басшылыққа ие қоғамдағы режим талап ететін, құқықтық мемлекет құру үрдісіне белсенді араласуы керек.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Басков В.И. Прокурорский надзор в СССР. – М., 1991. – 176 с.
- 2 Басков В.И., Коробейников Б.В. Курс прокурорского надзора. - М., 2001. – 127 с.
- 3 Винокуров Ю.Е. Прокурорский надзор. - М., 2000. – 218 с.
- 4 Бекбергенов Н.А. Правоохранительная деятельность в РК. - Караганда: Болашак-Баспа, 1998. – 296 с.
- 5 Тусупбеков Р.Т. На страже законности. Астана: Елорда, 2001. - 257 с.
- 6 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)